

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша
білім бөлімінің «И.В.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі» КММ
2026 жылдың I тоқсан қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу бойынша
АНЫҚТАМА

«12» мамыр 2026 жыл

Қызылорда қаласы

Қазақстан Республикасы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша №5 мектеп-лицейінде 2026 жылдың I тоқсан қорытындысымен талдау жасалды. Көрсетілген мерзімде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «И.В.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

№5 мектеп-лицейінде жалпы қызметкерлер саны –195. Педагог қызметкерлер саны-153, оның ішінде 134 мұғалім жұмыс жасауда, 1-директор, 6-орынбасар, 2-педагог-психолог, 1-тәлімгер, 1-әлеуметтік педагог, 1-дефектолог, 4-педагог-ассистент, 0,5 педагог-ассистент-4. 19 қызметкер бала күтімінде демалыста. Қоса атқарушы-1.

Техникалық қызметкер -42, оның ішінде 1- шаруашылық жөніндегі орынбасар, 1-бас бухгалтер, 2- бухгалтер, 1-менеджер, 2-кітапханашы, 4-лаборант, 1-жүйе технигі, 1-бағдарламашысы, 3 техникалық қызметкер бала күтімінде.

Педагог шебер -2, педагог-зерттеуші - 50, педагог сарапшы - 42, педагог-модератор - 42, педагог саны- 17. Жоғары білімді - 151, арнаулы орта білімді - 2. Педагогика ғылымының магистрі - 28.

Сонымен қатар, мектеп-лицейде қазіргі таңда барлығы 1615 оқушы білім алуда, оның ішінде 1-4 сыныптар-581, 5-9 сыныптар – 834, 10-11 сыныптар-200.

2025-2026 оқу жылында мектеп-лицейде 11 сыныпты 92 оқушы бітіру жоспарлануда. Оның ішінде «Алтын белгіге» үміткерлер саны-3, «Үздік аттестатқа» үміткерлер саны - 6, Қаңтар айындағы ҰБТ-ге 92 оқушының 90-ны қатысты, қатысу пайызы-89, орташа балл-75,

Наурыз айындағы ҰБТ-ге 92 оқушының 83-і қатысты, қатысу пайызы-94, орташа балл-79 құрады. Жалпы 92 түлектің қазіргі таңда 1-уі РФ ЖОО-ның грант иегері, негізгі ҰБТ-нің 1 кезеңіне 88, 2 кезеңіне-87 оқушы тіркелді. Сонымен қатар 11 сынып бітірушілері ҚР ЖОО және ТМД-нің ЖОО-на оқуға түсуге жоспарлауда.

Кадр мәселесіне қатысты 2026 жылдың қаңтар-наурыз аралығында (көрсетілген мерзімде) педагог және техникалық қызметкерлер жұмысқа қабылданбаған. Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына сәйкес мектеп-лицей әкімшілігінің лауазымды қызмет атқаратын орынбасарлары өздерінің қызметтік функционалдарын орындауда Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 28 қараша 2001 жылғы №908 бұйрығымен бекітілген **«Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы»** Ережелерінде көрсетілген лауазымдық нұсқаулығын басшылыққа алып атқаруда, яғни жоғарыда көрсетілген жауапты қызметкерлерге мүдделер қақтығысы орын (жеке басының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық) алған жағдайда, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруға тыйым салынатыны ескертілуіне орай заң талаптары бұзу фактілері орын алмағанына орай, Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, 2026 жылдың қаңтар-наурыз аралығында (көрсетілген мерзімде) мектеп-лицейге мемлекеттік қызмет түрлері бойынша жалпы 39 өтініштер қабылданған.

Оның ішінде: **«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша-2026 жылдың I тоқсанында 36 оқушы қабылданды. 2025-2026 оқу жылына egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы ағымдағы жылдың 27 мамырынан бастап 1-сыныпқа 175 оқушыға құжат қабылдау жұмыстары жоспарлануда.**

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың тегін қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша ES.IAC.KZ порталы арқылы-1 «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ы ЦОН арқылы-0,

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша – 40 оқушы. (Өтініштер тамыз айында қабылданған.)

«Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 2026 жылдың қаңтар-наурыз аралығында (көрсетілген мерзімде) өтініш түспеген. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша қала сыртындағы лагерьге-15, мектеп жанындағы лагерьге демалуы үшін-40 оқушының құжаттарын қабылдау жоспарлануда.

Денсаулығына байланысты үйден оқытылатын оқушылардың құжаттарын рәсімдеу **«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жүргізіліп отыр, 2026 жылдың қаңтар-наурыз аралығында (көрсетілген мерзімде) 2 оқушының ата-анасынан өтініш түскен, қазіргі 13 оқушы үйден оқытылып отыр.**

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет орын алған жоқ.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) – 0 санын құрады.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген. Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Мектеп-лицейге бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

№5 мектеп-лицей бойынша 2026 жылға жалпы қаралған бюджет 1 198 367,0 мың теңге. 2026 жыл 3 айда 252 158,1 мың теңге игерілді. Оның ішінде игерілгені; 082 бағдарлама бойынша – 50 572,9 мың. теңге, 203 бағдарлама бойынша - 201 585,3 мың. теңге, 2026 жыға бюджеттен 1 198 367,0 (бір миллиард бір жүз тоқсан сегіз мың үш жүз алпыс жеті) теңге қаржы бөлініп, 3 айына яғни қаңтар, ақпан және наурыз айларына 252 158,1 мың теңге (екі жүз елу екі миллион бір жүз елу сегіз мың бір жүз) теңге қаржы жұмсалды, яғни 3айға 100 пайызға игерілді.

Мемлекеттік сатып алуда (бұдан әрі – Заң) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сай мемлекеттік сатып алулар жүргізілгендігі жөнінде мемлекеттік сатып алу веб-порталына мониторинг жүргізіліп, заң аясында

мемлекеттік сатып алулар жүргізілгендігі айқындалды. Айта кететін болсақ мемлекеттік сатып алуда атқарылған ірі жұмыстар жоқ. Аударылған қаражаттың заңды аударылуын зерделеу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің «Қазынашылық-клиент» жүйесімен құжаттарды салыстыру арқылы жүзеге асырылды, яғни аударылған қаражат заңды аударылғандығы айқындалды.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2026 жылдың 3 ай (қаңтар, ақпан, наурыз) қорытындысымен мектеп-лицейге жеке және заңды тұлғалардан өтініштер келіп түспеген.

Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері мөлтек аудан және де қала тұрғындарының мектеп-лицейдің оқу-тәрбие үдерісі т.б. мәселелері бойынша №5 мектеп-лицей директорының жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады.

Сонымен қатар, директоромен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді.

Бекітілген кестеге сәйкес көрсетілген мерзімде 12 рет азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдап, 12 ата-ананың өтініштері тыңдалды. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалынды.

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» туралы ҚР-ның 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағына сәйкес, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәждеделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс делінген. Ішкі талдау барысында №5 мектеп-лицейінде өтініштер тіркеліп, қаралып, өтініш иелеріне жазбаша, уақытылы жауап беріліп, өтініш иелеріне ҚР-ның заңнамаларына сілтеме жасай отырып, өтініш иелеріне қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндірілген.

Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне 2026 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында жалпы-6 өтініш түскен, 4-уі жеке, 2-уі заңды тұлғадан. Бұл өтініштер бойынша электрондық жүйе арқылы жауап берілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

№5 мектеп-лицейінде интернеттің 4 нүктесі бар және Wi-fi желісімен қолжетімділік бар. 180 Мбит/сек. жоғары интернет жылдамдығымен қамтылған. Кең жолақты интернет желісімен Қазақтелеком провайдерімен келісім-шарт жасалған. Мектеп-лицейде Ұлттық білім беру дерек қоры жұмыс жасауда. ҰББДҚ жыл көлемінде жұмыс жүргізіледі. Білім беру ұйымдары тіркеу мәліметтерін, білім беру процесі туралы негізгі мәліметтерді, қосымша мәліметтерді, материалдық-техникалық база туралы мәліметтерді, білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтерді, персонал

және білім алушылар контингенті туралы сауалнамалық деректерді енгізілген, оның ішінде:

- ғимарат туралы мәліметтерді толтырылған;
- тіркеу мәліметтері енгізілген;
- асхана және асхана жабдықтары туралы мәліметтер енгізілген;
- білім беру процесі туралы негізгі мәліметтерде оқыту тілі, түрлері бойынша үйірмелер мен спорт секцияларының саны көрсетілген;
- білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтері толтырылған;
- персонал қызметкерлер туралы мәліметтер енгізілген;
- оқушылар туралы мәліметтер енгізілген.
- Ұстаз платформасына педагогтар жетістіктері енгізілген.

Мектеп-лицейде «Цифрлы Қазақстан» жобасының аясында BILIM CLASS электронды күнделігі жұмыс жасауда. BILIM CLASS электронды күнделік арқылы ата-аналар балаларының үлгерімін қадағалап, үй тапсырмасын біледі, сонымен қатар мұғалімдердің балалармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасының заманауи тәсілінің пайдалануға мүмкіндіктері бар. BILIM CLASS журнал электронды журналы платформасында оқушылар мен мұғалімдер туралы деректер енгізілген. Мектеп-лицейде BILIM CLASS журнал электронды журналы жүйелі жұмыс жасауда.

"Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қаржылық есептің жүргізілуін оңтайландыру және қаржының игілілуін бақылау мақсатында келесі автоматтандырылған жүйелермен жұмыс атқарады. Атап айтқанда, айтқанда кешенді бұлтты ақпараттық жүйесіне қол жеткізу, техникалық қызмет көрсету, сүйемелдеу, әкімшілендіру, пысықтау, өзгерістер енгізу және жаңарту жөніндегі ақпараттық жүйесі. Мемлекеттік сатып алулар және тауарлар мен қызметтерді қабылдау актілерін жүргізу мемлекеттік сатып алу электронды портал goszakur.gov.kz арқылы жүргізіледі. Мекеменің бюджетке төлемдері және айлық ақымен есеп айрысуларын, әлеуметтік өнімберушілермен есеп айрысулары қазнашылық органдарының К2 бағадарламасына еңгізілген төлем құжаттары негізінде жүргізіледі. Мекемені қаржылық есептіліктер salyk.kz, stat.gov.kz, esf.kz және де ҚР Қаржы министрдігі бекіткен сайттар арқылы тапсырылады.

Сонымен қатар мектеп-лицейдің жүйе техникаларына ішкі талдау жүргізілді. Қолданыстағы бағдарламалар мен компьютерлік қондырғылардың есебі жүргізілген ішкі талдау бойынша дербес компьютерлер саны – 86, ноутбуктер – 75, планшеттер – 39, принтерлер – 18, ксерокстер – 15, интерактивті тақталар - 10, интерактивті панельдер - 18, интерактивті проекторлар - 2, LED экран - 1, орнатылған видеокамералар – 48. Оның ішінде көрсетілген мерзімде істен шығып жөндеуге берілген қондырғылар саны – жоқ, мерзімі өтіп, есептен алынғандары – жоқ.

9) Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңы аясында жүргізілген. Мектеп-лицейде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған.

Қорытынды:

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «И.В.Панфилов атындағы № 5 мектеп-лицейі» КММ-де атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады.

Қорытынды анықтама көрсетілген мектеп-лицей сайтына жарияланды.

<https://5mektep.edugov.kz/kz>

«И.В.Панфилов атындағы
№ 5 мектеп-лицейі» КММ –нің директоры



Б.Дуйсенбаев